

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Әлеуметтік пакет туралы ереже Қазақстан Республикасының азаматтарының – күндізгі оқу түрінде оқитын білім алушылардың әлеуметтік қорғалуын жетілдіру және өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында әзірленді.

Әлеуметтік пакет келесі міндеттерді іске асыруға арналған:

- 1) білім алушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту;
- 2) салауатты өмір салтын насихаттау және білім алушылардың мәдени демалысын ұйымдастыру;
- 3) білім алушылардың оқу, ғылыми-зерттеу, спорттық және қоғамдық өмірге ынтасын арттыру.

Әлеуметтік қолдауға үлгерім деңгейі жоғары және тәртіптік жазалары жоқ білім алушылар үміткер бола алады. Егер оқу жылы ішінде мектеп деканы қорытынды жасағаннан кейін білім алушыға тәртіптік жаза қолданылса, ол ағымдағы оқу жылы бойы әлеуметтік қолдаудан айырылады.

Әлеуметтік қолдауды алу үшін білім алушылар осы ереженің 5-бөлімінде көрсетілген құжаттар пакетін мектеп деканатына тапсыруы тиіс. Толық емес құжаттар пакеті қабылданбайды және қарастырылмайды.

Мектеп деканаттары үш жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттардың негізінде әлеуметтік қолдау тағайындау туралы бұйрықтың жобасын дайындайды.

Әлеуметтік қолдау оқу жылының соңына дейін (30 маусымға дейін) тағайындалады және білім алушы деканатқа өзінің әлеуметтік жағдайын растайтын толық құжаттар пакетін тапсырғаннан кейінгі келесі айдың бірінші күнінен бастап беріледі. Құжаттар мектеп деканатына 1 қазанға дейін тапсырылуы тиіс, әлеуметтік қолдау 1 қыркүйектен бастап тағайындалады.

Аралық емтихан сессиясының қорытындысы бойынша GPA көрсеткіші 3,0-ден төмен болған білім алушы оқу жылы ішінде әлеуметтік қолдаудан айырылады.

Білім алушы Әлеуметтік пакеттің бір ғана тармағын пайдалану құқығына ие, 3-бөлімде көрсетілген «Білім алушыларды ынталандыру» шеңберінде берілетін сыйақылардан басқа.

2. ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУДЕ БЕРІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР

№ п/п	Білім алушылардың оқу жетістіктері мен әлеуметтік жағдайы	Шегерім мөлшері (шартта көрсетілген сомадан)
1	«Алтын белгі» иегері, барлық сессия қорытындысы бойынша тек «өте жақсы» және «жақсы» бағалары бар білім алушы	100 %
2	Арнайы үлгідегі аттестат иегері (1-курсқа жаңадан қабылданған)	50 %
3	Назарбаев Зияткерлік мектебінің, «Білім-Инновация» лицейінің және дарынды балаларға арналған мектептің түлегі, барлық сессия қорытындысы бойынша тек «өте жақсы» және «жақсы» бағалары бар білім алушы	50 %
4	Білім алушының анасы 18 жасқа дейінгі бес және одан да көп баласы бар, «Алтын алқа» иегері	Алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша GPA 3,0-ден төмен емес 10 %
5	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе жетім балалар	Алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша GPA 3,0-ден төмен емес 15 %

6	«Тұран-Астана» университетінде ақылы негізде (оқу нысанына қарамастан) бір отбасынан екі немесе одан да көп баланың оқуы: 1) бірінші балаға; 2) екінші балаға; 3) үшінші балаға;	Алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша GPA 3,0-ден төмен емес 1) 15 000 теңге 2) 15 000 теңге 3) 15 000 теңге
7	Білім алушының ата-анасы бірінші топ мүгедегі	Алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша GPA 3,0-ден төмен емес 10 %
8	Білім алушы бірінші топ мүгедегі	Алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша GPA 3,0-ден төмен емес 10 %
9	Білім алушының ата-анасының «Тұран-Астана» университетіндегі еңбек өтілі: 1) 5 жылдан 10 жылға дейін 2) 10 жылдан астам	Алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша GPA 3,0-ден төмен емес 1) 10 % 2) 15 %

Ескерту: Жеңілдіктер кәсіпорындар (ұйымдар, мекемелер және т.б.) қаражаты есебінен оқитын тұлғаларға берілмейді.

3. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЫНТАЛАНДЫРУЫ

1. Оқу, ғылыми-зерттеу, қоғамдық және спорттық қызметтегі жоғары жетістіктері үшін білім алушылар келесі түрде ынталандырылады:

№	Іс-шараның, байқаудың атауы	Ынталандыру түрі
1	Халықаралық пәндік олимпиадалар, байқаулар, сайыстар, Қазақстан Республикасынан тыс жерде өткізілген (университет тарапынан іссапарға жіберу туралы бұйрық және тиісті дипломы болған жағдайда)	Жеке есеп бойынша сыйақылар: 1-орын үшін – 45 000 теңге; 2-орын үшін – 30 000 теңге; 3-орын үшін – 15 000 теңге. Командалық есеп бойынша сыйақылар: 1-орын үшін – 60 000 теңге; 2-орын үшін – 45 000 теңге; 3-орын үшін – 30 000 теңге.
2	Республикалық пәндік олимпиадалар, байқаулар және сайыстар, «Тұран-Астана» университетінен тыс жерде өткізілген (университет тарапынан іссапарға жіберу туралы бұйрық және ҚР ҒЖБМ дипломы болған жағдайда)	Жеке есеп бойынша сыйақылар: 1-орын үшін – 30 000 теңге; 2-орын үшін – 22 500 теңге; 3-орын үшін – 15 000 теңге. Командалық есеп бойынша сыйақылар: 1-орын үшін – 45 000 теңге; 2-орын үшін – 30 000 теңге; 3-орын үшін – 22 500 теңге.

2. Оқу, ғылыми және қоғамдық өмірде жоғары жетістіктерге жеткен Білім алушылардың ата-аналарына оқу жылының қорытындысы бойынша «Тұран-Астана» университетінің ректорынан алғыс хаттары жіберіледі.

4. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ

Жатақханада тегін тұру құқығы келесі санаттағы басқа қалада тұратын білім алушыларға беріледі: ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе жетім балалар.

5. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ АЛУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

Білім алушы құжаттардың көшірмелерімен бірге түпнұсқаларын тексеру үшін мектеп деканатына тапсырады. Деканат құжаттарды қабылдау барысында көшірмелерін түпнұсқаларымен салыстырады, содан кейін түпнұсқалар иелеріне қайтарылады.

1. Оқу ақысы

1.1. «Алтын белгі» иегері, барлық сессия қорытындысы бойынша тек «өте жақсы» және «жақсы» бағалары бар білім алушы келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

1. өтініш;
2. жеке куәлік көшірмесі;
3. аттестат көшірмесі;
4. Офис-тіркеуші берген транскрипт.

1.2. Арнайы үлгідегі аттестат иегері:

1. өтініш;
2. жеке куәлік көшірмесі;
3. аттестат көшірмесі.

1.3. Назарбаев Зияткерлік мектебінің, «Білім-Инновация» лицейінің және дарынды балаларға арналған мектептің түлегі, барлық сессия қорытындысы бойынша тек «өте жақсы» және «жақсы» бағалары бар білім алушы:

1. өтініш;
2. жеке куәлік көшірмесі;
3. аттестат көшірмесі;
4. Офис-тіркеуші берген транскрипт.

1.4. 18 жасқа дейінгі бес және одан да көп баласы бар, «Алтын алқа» иегері – білім алушының анасы:

1. өтініш;
2. жеке куәлік көшірмесі немесе студенттің туу туралы куәлігі көшірмесі;
3. 18 жасқа дейінгі басқа балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмесі;
4. отбасы мүшелерінің мекенжай анықтамасы;
5. «Алтын алқа» иегері куәлігінің көшірмесі;
6. Офис-тіркеуші берген транскрипт.

1.5 Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе жетім балалар:

1. өтініш;
2. Офис-тіркеуші берген транскрипт.

1.6. «Тұран-Астана» университетінде ақылы негізде (оқу нысанына қарамастан) бір отбасынан екі немесе одан да көп баланың оқуы:

1. өтініш;
2. білім алушының жеке куәлігі немесе туу туралы куәліктерінің көшірмесі;
3. мекенжай анықтамасы;
4. Офис-тіркеуші берген транскрипт.

Егер бір отбасындағы білім алушылар әртүрлі мектептерде оқыған болса, бұйрықты университетке бірінші болып түскен білім алушы деканаты рәсімдейді.

1.7. Білім алушының ата-анасы бірінші топ мүгедегі:

1. өтініш;
2. жеке куәлік немесе туу туралы куәлік көшірмесі;
3. екі ата-анасының да мүгедектігін растайтын куәліктерінің көшірмесі;
4. Офис-тіркеуші берген транскрипт.

1.8. Білім алушы бірінші топ мүгедегі:

1. өтініш;
2. жеке куәлік көшірмесі;
3. білім алушының мүгедектігін растайтын куәліктің көшірмесі;
4. Офис-тіркеуші тор берген транскрипт.

1.9. Білім алушының ата-анасының бірі «Тұран-Астана» университетінде еңбек өтілі бар:

1. өтініш;
2. студенттің жеке куәлігі немесе туу туралы куәлік көшірмесі;
3. «Тұран-Астана» университетінде жұмыс істейтін ата-ананың жеке куәлігі көшірмесі;
4. кадр бөлімі мен құқықтық қамтамасыз ету бөлімінен еңбек өтілі туралы анықтама;
5. Офис-тіркеуші берген транскрипт.

2. Білім алушының ынталандыруы

2.1.1. Халықаралық пәндік олимпиадаларда, байқауларда, жарыстарда (Қазақстан Республикасынан тыс жерде өткен) жоғары нәтижелер көрсеткен білім алушы:

1. өтініш;
2. жеке куәлік көшірмесі;
3. деканның Жастар ісі жөніндегі департаментімен келісілген ұсыным хаты;
4. сәйкес дипломның көшірмесі.

2.1.2. Қазақстан Республикасы көлемінде университеттен тыс өткен республикалық олимпиадаларда, байқауларда және жарыстарда жоғары нәтиже көрсеткен білім алушы:


1. өтініш;
2. жеке куәлік көшірмесі;
3. деканның Жастар ісі жөніндегі департаментімен келісілген ұсыным хаты;
4. «Тұран-Астана» университетінің іссапар туралы бұйрығының көшірмесі;
5. ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің сәйкес дипломының көшірмесі.

2.2. Білім алушының ата-анасының атына «Тұран-Астана» университеті ректорының «Алғыс» хатымен марапаттау:


1. деканның проректормен келісілген ұсыным хаты.

ЕНГІЗІЛДІ:

Әлеуметтік және корпоративтік
даму жөніндегі проректор


С.Е Нурпеисов

КЕЛЕСІЛДІ:

Бірінші проректор
 К.Ж. Даубаев